

"1993 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісімге түзетуге қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 13 желтоқсандағы N 1225-1 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"1993 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісімге түзетуге қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

1993 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісімге түзетуге қол қою туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қоса беріліп отырған 1993 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісімге түзетудің ж о б а с ы м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Америка Құрама Штаттарында Төтенше және өкілетті Елшісі Ерлан Әбілфайызұлы Ыдырысовқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының атынан Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісімге түзетуге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты Келісімге түзетулер

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары төмендегілер жайында келісті:

Тараптар 1993 жылы он үшінші желтоқсанда қол қойылып, 2000 жылы бесінші желтоқсанға дейін мерзімі ұзартылған Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты Келісімнің (бұдан әрі - Келісім деп аталатын) XIV-бабына сәйкес Келісімге төмендегі түзетулерді енгізуге және оның қолданыс мерзімінің ұзартылуына төмендегілер жайында келісті:

1. Тақырыптағы "ядролық қару" деген сөздердің орнына "жаппай қырып-жоятын қару-жарақтар" деген сөздер қолданылады;

2. Алғы сөздің үшінші тармағындағы және I-баптың (ә) тармағындағы "Қазақстан Республикасынан ядролық қарудың" деген сөздердің орнына "жаппай қырып-жоятын қару-жарақтар, соның ішінде ядролық, биологиялық, химиялық және радиологиялық жаппай қырып-жоятын қару-жарақтар" деген сөздер қолданылады;

3. I-баптың басындағы "ядролық қаруды жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге байланысты әр түрлі мақсаттарға жәрдемдеседі, сонымен бірге:" деген сөздердің орнына "жаппай қырып-жоятын қару-жарақтарды жоюға және таралуына жол бермеуге сондай-ақ қатысты материалдар, технологиялар мен мағлұматтарға байланысты әр түрлі мақсаттарға жәрдемдеседі, сонымен бірге, бірақ бұлармен шектелмей:" деген сөздер қолданылады;

4. I-баптың (в) тармағындағы "Қазақстан Республикасында тұрған стратегиялық шабуыл қаруларын жоюға" деген сөздердің орнына "жаппай қырып-жоятын қару-жарақтарды жоюға және таралуына жол бермеуге сондай-ақ қатысты материалдар, технологиялар мен мағлұматтарға" деген сөздер қолданылады;

5. XII-баптың 1-тармағының соңына "Қазақстан Республикасы Үкіметі осы жеңілдіктерді жүзеге асыру үшін қажетті рәсімдерді атқарды" деген сөйлем қосылады;
ж ә н е

6. XIV-бап төмендегідей болып өзгертіледі:

"Осы Келісім оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және жеті жыл бойы өз күшінде қалады. Тараптардың кез келгенінің екінші Тараптан оның осы Келісімнің қолданысын тоқтатқысы келетіні жөнінде кем дегенде қатысты жеті жылдық мерзімінің аяқталуынан 6 ай бұрын жазбаша мәлімдемесін бермеген жағдайда осы

